


Бекітемін: 
менгеруші Ш.Т.Жусупова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы бойынша қамқоршылық кеңес
жоспары

2025-2026 оқу жылы

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Жауапты
1.	Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарындағы мақсат-міндеттерді талдау.	Қыркүйек	Басмагамбетова А.С
2.	Материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша жұмыстарды жоспарлау.	Қыркүйек	Жусупова Ш.Т
3.	Тәрбиеленушілер арасындағы дарынды балаларға қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастыру	Қыркүйек	Жусупова Ш.Т Басмагамбетова А.С.
4.	Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу	Қазан	Топ тәрбиешілері Кеңес мүшелері
5.	Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырыстарын өткізу	Қыркүйек Қаңтар Сәуір	Басмагамбетова А.С.
6.	Дұрыс тамақтануды насихаттау бойынша жұмыс жоспарын талқылау.	Қыркүйек Қаңтар	Балабақша ұжымы Кеңес мүшелері
7.	Тәрбиеленушілердің балабақшаға келуін бақылау	Жыл сайын	Медбике Ниязова Д.Ж.
8.	Белсенді ата-аналар мен топ тәрбиешілерінің кеңесін өткізу	Қараша	Басмагамбетова А.С.
9.	Қамқоршылар үшін ашық есік шарасын ұйымдастыру	Қазан	Басмагамбетова А.С.
10.	Қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала кұқықтар орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру	Қаңтар	Басмагамбетова А.С.
11.	Жаз мезгіліндегі балабақшадағы балаларға арналған қауіпсіз орта құру. Балалардың денсаулығын нығайту шаралары. Балалардың дұрыс тамақтануын насихаттау.	Мамыр Маусым	Басмагамбетова А.С. Медбике Ниязова Д.Ж.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңесі отырысының

№1 хаттамасы

Өткізілген күні: «27» тамыз 2025 ж.

Өткізілген орны: №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, әкімшілік-шаруашылық меңгерушісі, медбике, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарындағы мақсат-міндеттерді талдау
2. Материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша жұмыстарды жоспарлау
3. Тәрбиеленушілер арасындағы дарынды балаларға қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастыру

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарындағы мақсаттар мен міндеттер туралы әдіскер А.С Басмагамбетова баяндама жасады.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Меңгеруші Ш.Т Жусупова жылдық жоспардың білім беру сапасын арттыруға, балалардың қауіпсіздігі мен дамуына бағытталғанын атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарындағы мақсат-міндеттер мақұлданысын.
2. Жоспардың орындалуы жүйелі түрде талданып отырылсын.
3. Қажет болған жағдайда түзетулер енгізілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ш.Т Жусупова материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша атқарылуы тиіс жұмыстар туралы ақпарат берді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшелері оқу-тәрбие үдерісін жақсарту үшін қажетті құрал-жабдықтар мен жабдықтарды кезең-кезеңімен жаңарту ұсыныстарын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Қажетті құрал-жабдықтар тізімі жасалып, қаржыландыру көздері қарастырылсын.
3. Жоспардың орындалуы қамқоршылық кеңестің бақылауында болсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ш.Т Жусупова және әдіскер А.С Басмагамбетова тәрбиеленушілер арасынан дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастырудың маңыздылығы туралы баяндама жасады.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:


Қамқоршылық кеңес мүшелері дарынды балалардың қабілеттерін дамыту мақсатында қосымша үйірмелер, шығармашылық іс-шаралар мен байқаулар ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, төмендегідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тәрбиеленушілер арасындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау көрсету бойынша жүйелі жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу жоспары әзірленсін.
3. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар өткізу қарастырылсын.
4. Аталған жұмыстардың орындалуы қамқоршылық кеңестің бақылауында болсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Г.З Урбисинов

А.С Басмагамбетова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңесі отырысының

№2 хаттамасы

Өткізілген күні: «12» желтоқсан 2025 ж.

Өткізілген орны: №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, әкімшілік-шаруашылық меңгерушісі, медбике, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Дұрыс тамақтануды насихаттау бойынша жұмыс жоспарын талқылау

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ш.Т Жусупова, медбике Д.Ж Ниязова тәрбиеленушілер арасында дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы және осы бағытта атқарылатын жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Баяндамада балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңес мүшелері дұрыс тамақтануды насихаттау мақсатында:

- түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар дайындау


қажеттігін қолдады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, төмендегідей ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Дұрыс тамақтануды насихаттау бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Балаларға арналған танымдық іс-шаралар (әңгіме, ойын, көрнекілік) ұйымдастырылсын.

3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізу (жиналыс, кеңес, ақпараттық бұрыш) қарастырылсын.
4. Ас мәзірінің сапасы мен санитарлық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
5. Аталған жұмыстардың орындалуы қамқоршылық кеңестің бақылауында болсын.

Кеңес төрағасы:



Г.З Урбиснов

Хатшы:



А.С Басмагамбетова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңесі отырысының

№3 хаттамасы

Өткізілген күні: «20» қаңтар 2026 ж.

Өткізілген орны: №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, әкімшілік-шаруашылық меңгерушісі, медбике, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру

I-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ш.Т Жусупова қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерделеу, балалардың құқықтарының сақталуын бақылау және олардың қауіпсіз өмір сүру ортасын қамтамасыз ету мақсатында рейд жүргізу қажеттілігі туралы баяндама жасады.

Баяндамада бала құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамалық талаптарды сақтау, отбасындағы әлеуметтік ахуалды анықтау және алдын алу жұмыстарының маңыздылығы атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңес мүшелері рейд жұмыстарын ұйымдастыру барысында:

- отбасының тұрмыстық жағдайын зерделеу;
- баланың құқықтарының сақталуын тексеру;
- әлеуметтік қауіптің алдын алу шараларын жүргізу


қажеттігін қолдады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, төмендегідей ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастырылсын.
2. Рейд жүргізу үшін жауапты тұлғалар белгіленсін.
3. Рейдтің өткізілу мерзімі мен маршруты бекітілсін.

4. Рейд қорытындысы бойынша тиісті анықтама (акті) жасалсын.
5. Анықталған мәселелер бойынша қажетті шаралар қабылдансын.
6. Аталған жұмыстардың орындалуы қамқоршылық кеңестің бақылауында болсын.

Кеңес төрағасы:



Г.З Урбисинов

Хатшы:



А.С Басмағамбетова





